

ЖЕҢІСКЕ БІЗ ДЕ ҮЛЕС ҚОСҚАНБЫЗ

Ұлы Отан соғысы жылдарында еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін Жеңісті жақындатуға себепкер болды. Бұғанамыз бекімей жатып, ерте еңбекке араластық. Соғыс басталған жылы мен небары он үш жаста едім. Түйемойнақта Рәш апам екеуміз өгіз айдап, өзенге шығыр салатынбыз. Шаршасақ да өзімізге де, өгіздерге де дамыл таптырмайтынбыз. Шыны керек, қара жұмыстан қатты шаршаушы едік. Бірақ, есесіне шынығып өстік.

Өкем тылда жұмысқа қалдырылған, оған бидай қорын ұстау міндеті жүктелді. Бидай тұратын жердің тазалығына да біз жауапты болатынбыз. Халық қолында барын қорға займ ретінде өткізетін. Қабылдап алған соң қордағы азық-түлікті майданға жөнелтетінбіз. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұран бізге бұлжымас заң еді.

Ауылдағы біз осылайша белді бекем буып, күн демей, түн демей еңбек етсек, майдандағы жауынгерлер қарыс сүйем жер үшін жаумен арпалысып, қарумен елді қорғады. Сол ерлердің бірі - менің жұбайым марқұм Далабай Жанаев еді. Ол майданға 1942 жылы аттанды. Оның майдандағы ерлігінің айғағындай болып, «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары омырауында жарқырап тұратын.

Көзі тірісінде отағасының өз аузынан естіген мына бір жағдай есіме оралып отыр.

Жолдасым Минск түбіндегі шайқаста кеудесіне оқ тиіп, ауыр жарақаттанады. Госпитальдегі дәрігерлердің «сізге енді соғысқа қатысуға болмайды» дегеніне құлақ аспай, өз еркімен қайырадан соғысқа сұранады. Ақыры өтініші орындалып, отағасының жорық жолы Берлинге дейін жеткен екен.



Соғыстан соң елге оралып, еңбекке араласады. 1947 жылы екеуміз отау тігіп, шаңырақ көтердік. Соғыстан кейін туған жері - Жезді ауданына қарасты XXIII партсъезд атындағы шаруашылықта техникаға жан бітіріп, оның қырсырын меңгерген жалғыз адам - менің жолдасым болатын. Ауылдағы жастарға білгенін үйретіп, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіруге үлкен еңбек сіңірді. Тың игеру науқанының бел ортасында жүрді. «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен де марапатталды.

«Адамның айтқаны емес. Аппаның дегені болады» демекші, 1977 жылы қайтыс болған жұбайыма Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуді жазбапты. Әйтсе де, «Орнында бар оңалар» демекші, оның артында Үсен, Құсайын, Ерсайын, Рахия, Сайын, Шәриза, Сабыр атты балалары қалды. Көңілге - қуаныш. жаныма жұбаныш болатын балаларым мен немерелерім біз көрген соғыспен ашаршылықтың азабын тартпаса екен деп тілеймін.

**Тыныштық ЖАНАЕВА,
тыл ардагері.**